


Λ 2016

4725к

КАЗАК ССР  
ТАРИХЫ



4





АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ

# ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ СССР

ТОМ I

КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО  
Алма-Ата — 1957

ҚАЗАК ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ

# ҚАЗАҚ, ССР ТАРИХЫ

I ТОМ


ҚАЗАК МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1954

РЕДАКЦИЯЛЫК КОЛЛЕГИЯ

М. О. Әуезов, С. Б. Бәйішев, И. С. Горохводатский, С. К. Ке-  
ңесбаев, С. М. Мұқанов, А. Н. Нүсіпбеков, С. Н. Покров-  
ский, М. С. Сапарғалиев, В. Ф. Шахматов.





## А Л Ғ Ы С Ө З

«Қазақ ССР тарихының» бірінші томының авторлар коллективі оқушыға Қазақстанның ең ерте заманнан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі тарихын жүйелі түрде баяндап беруді өзінің алдына міндет етіп қойды. Авторлар Қазақстан тарихының материалдары арқылы тарихи дамудың жалпы заңдылықтарының ықпалын көрсетуге және сонымен бірге Қазақстан территориясындағы тарихи процестің ерекшеліктерін ашуға тырысты.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихы бар, ол Орта Азиядағы туысқан халықтардың және орыс халқының тарихымен тығыз байланысты. Басқа да барлық халықтардың тарихы сияқты, казак халқы тарихының да түп негізінде өндіріс әдісінің дамуы, өндіргіш күштердің және адамдардың өндірістік қатынастарының дамуы жатыр. Қазақстан тарихы — бұл ең алдымен материалдық байлықтарды өндірушілердің тарихы, еңбекші бұқараның тарихы, олардың әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы күресінің тарихы.

Қазақстан территориясының ең ерте замандағы халқының тарихи дамуының ерекшелігі сол, ол халық құл иеленушілік формацияға соқпай өткен. Алғашқы-қауымдық құрылыстың ыдырауы процесінде мұнда құл иеленушілік қатынастар емес, патриархтық-феодалдық қатынастар калыптасқан. Көп ғасырлар бойына қазақтың шаруашылығының басты формасы экстенсивтік көшпелі мал шаруашылығы болды. Қазақстанның ұлан байтақ территориясында экономикалық және мәдени даму біркелкі жүрмеген. Ерте заманда экономика жағынан неғұрлым дамыған жерлер оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандар болды, ал ХІХ ғасырдың аяғында — ХХ ғасырдың басында — солтүстік аудандар болды. Мұның өзі бірсыпыра экономикалық және саяси факторларға, атап айтқанда егіншіліктің даму дәрежесіне, қалалық орталықтардың болуына және басқаларға байланысты болды. Қазақстан тарихы үшін егіншілер мен көшпелілердің өзара тығыз байланысының, олардың арасында өндіріс өнімдерінің айырбасы болуының елеулі маңызы болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында — XX ғасырдың басында ауылға капиталистік қатынастар еніп, дамыған болса да, казак буржуазиясы мен жұмысшы табының құралу процесі жүріп жатқан болса да, казак халқы өзінің даму процесінде өнеркәсіп капитализмі сатысынан өткен жоқ.

XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Қазақстанның Россияға қосылу процесі басталды. Бұл қосылудың прогрестік үлкен маңызы болды. Бұл қосылу казак халқын Жоңғар феодалдарының құл етушілігінен, Қокан және Хиуа хандықтарының жаулап алуынан сақтап қалды, казак қоғамының экономикасы мен әлеуметтік қатынастарында үлкен алға басқандыққа жеткізді. Қазақтың демократиялық мәдениетінің дамуына алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті мен орыс ғылымының ізгі ықпалы тиді. Патша өкіметінің, орыс помещиктері мен капиталистерінің әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында — XX ғасырдың басында күшейе түскен реакциялық старшылдық саясатына қарамастан, Қазақстанның өндіргіш күштерінің даму процесі жүріп жатты. Қазақстанға орыс және украин шаруаларын көшіру нәтижесінде ол көп ұлтты өлкеге айналды, еңбекте және күресте мүдделерінің ортақтығын түсінген халықтардың шаруашылық және мәдени байланысы күшейді.

Қазак халқының тарихын зерттеу XVIII ғасырдың өзінде басталған болатын. Алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті мен ғылымының казак халқын жете білгісі келген және оны қатты сыйлаған өкілдері Қазақстан тарихының жеке мәселелерін зерттеді, нақтылы-тарихи және этнографиялық құнды материал жинады. Бұларға қарама-қарсы дворяндық-буржуазиялық тарихнама казак халқын, Россия империясының ұлттық шет аймақтарының басқа да халықтарын сияқты, тарихи процестің субъектісі ретінде емес, патша өкіметінің старшылдық саясатының объектісі ретінде ғана қарады. Дворяндық-буржуазиялық тарихнама казак халқының тарихын негізінен осы тұрғылардан баяндады.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп шыққаннан кейін ғана адамзат қоғамының тарихын тазудың бірлес-бір тұрысғынның негізі болған маркстік-лениндік методология негізінде казак халқының тарихы жан-жақты зерттеле бастады. Совет өкіметі жылдарында казак халқының тарихы жөнінде документтік, археологиялық және этнографиялық бай материал жинақталды. Қазақстан тарихы жөнінде, жергілікті зерттеулер шайды болды. Документтер жинақталды. Тарих мейланында Қазақстан тарихының мәселелерін байланыстағы ұлттық және ұлы демократиялық-социалистік және басқа бұрмалаулармен, қате шікірлермен қатты күрес жүрді.

«Қазак ССР тарихының бірінші томының бұдан бұрынғы екі басылымда тарихты дұрыстау болу мәселелерінде, казак мәдениет-тануы және кейбір ұлттық қоғамыстық тарихын баяндауда Қазақстанның Россияға қосылуына байла беруде, казак мәдениетінің тарихын баяндауда методологиялық әлсіздік қателіктер мен қателі-

ліктер болды. Оларда схематизмге және жаттампаздыққа жол берілді, жеке адамға табынушылық көрінді.

Авторлар кітаптың бұрынғы басылуларында болған кателіктер мен кемшіліктерді ескеруге және жөндеуге ұмтылды, сөйтіп, жинақталған нақтылы-тарихи материалға және республикадағы тарих ғылымының даму дәрежесіне сәйкесті түрде, Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының негізгі мәселелерін баяндауға тырысты.

Кітапта революцияға дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени тарихының бірсыпыра маңызды мәселелері жаңаша алға қойылып, баяндалды. Кітапта казак халқының орыс халқымен және еліміздің басқа да туысқан халықтарымен достық байланыстарының қалыптасу тарихын ашуға, олардың тарихи тағдырларының ортақтығын ашуға, олардың патша өкіметіне қарсы, әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы бірлескен күресінің тарихын баяндауға айрықша көңіл бөлінді.

Әлбетте, Қазақстанның революцияға дейінгі тарихы мәселелерінің бәрі бірдей шешіліп жеткен жоқ. Атап айтқанда, Қазақстанның ерте заманғы және ортағасырлық тарихының бірсыпыра проблемалары жөнінде, казак халқының пайда болу мәселесі, үш жүздің құралу мәселесі және басқа проблемалар жөнінде осыны айтуға болады.

Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының жеке мәселелері жөнінде, әсіресе патриархтық-феодалдық катынастардың мәні және ерекшеліктері мәселесі жөнінде, көшпелі шаруашылық жағдайында негізгі өндіріс құрал-жабдығы жер бола ма немесе мал бола ма, — міне, осы жөнінде әртүрлі көзқарастар бар. Қазақстанның экономикалық және саяси тарихын түсіну үшін үлкен маңызы бар бұл мәселені түпкілікті шешілді деп санауға әлі болмайды.

КПСС XX съезінің тарихи шешімдері негізінде мұнан әрі жүргізілетін зерттеу жұмысы, нақтылы-тарихи жаңа материал жинақтау Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының бүгінгі таңда әлі жеткілікті тексеріліп шешілмеген проблемаларын келешекте толығырақ және тереңірек баяндауға мүмкіндік береді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы біздің еліміздің және бүкіл дүние жүзінің халықтарының тарихында, соның ішінде казак халқының тарихында да жаңа заман ашты. Ол ұлттық-отарлық езгінің бұғауларын қиратып, казак халқын қайта жасатты, оған социализм құрудың жолдарын ашты. Қазақ халқы өзінің ұлттық советтік мемлекеттігін құрды, өзінің жерлерін казактың советтік мемлекеті етіп қайта қосты, социалистік ұлт болып берік қалыптасты. Қазақ халқы Коммунистік партияның басшылығымен Ленин жолымен жүріп, орыс жұмысшы табының туысқандық көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпастан социализмге көшті.

Қазақстан — ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағының ажыратқысыз құрамды бөлегі — ең қысқа тарихи мерзім ішін-

де артта қалған отарлық шет аймақтан аса жоғары дамыған индустриялы-колхозды республикаға айналды. Кәзір қазақ халқы Совет Одағының барлық халықтарымен бірге коммунистік құрылыс жолымен сеніммен алға басуда.

Советтік социалистік Қазақстан тарихына «Қазақ ССР тарихының» екінші томы арналады.

Бұл кітап мынадай алты бөлімнен тұрады: 1. Қазақстан территориясында алғашқы-қауымдық құрылыс және таптық қоғамның тууы; 2. Қазақстан территориясында феодализмнің қалыптасуы және дамуы; 3. Қазақ халқының және қазақ хандықтарының құралуы; 4. Қазақстанның Россияға қосылуы; 5. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы және патриархтық-феодалдық қатынастардың ыдырауы; 6. Россиядағы империализм дәуіріндегі Қазақстан.

«Қазақ ССР тарихының» бірінші томын жазуға мына кісілер қатысты: Е. И. Агеева — I, II, III тараулар; Х. Г. Айдарова — XIX тарау, § 2; Н. Г. Аполлова — VII тарау, § 1, IX, X тараулар; М. О. Әуезов — VIII тарау, § 5, XVI тарау, § 1, XIX тарау, § 5; Г. Ф. Дахшлейгер — VII тарау, § 3, IX, X тараулар; Т. Е. Елеуов XXIII тарау, § 1, 2; Б. Г. Ерзакович — XVI тарау, § 5, XIX тарау, § 6, XXII тарау, § 3; Е. С. Ысмаилов — VIII тарау, § 5, XVI тарау, § 1, 2, 4, XIX тарау, § 1, 3, 4, XXII тарау; С. К. Кеңесбаев — IV тарау, § 5, XXII тарау, § 2; Ә. Х. Марғұлан — IV тарау, VIII тарау, § 1, 2, 3, 4; А. Н. Нүсіпбеков — XI, XII тараулар; С. Н. Покровский — XXIII тарау, § 3; М. С. Сапарғалиев — VII тарау, § 2, 3, XVIII тарау, § 2; А. Б. Тұрсынбаев — XXI тарау; В. Ф. Шахматов — II, III, V, VI, XIII, XIV, XVII тараулар, XVIII тарау, § 4; Т. Ж. Шойынбаев — XV тарау; С. С. Черников — I тарау; А. Ф. Якунин — XVIII, XX, XXI тараулар, XXIII тарау, § 1, 2.


Мәдениет тарихы жөніндегі барлық тарауларды жазуға М. О. Әуезов, С. К. Кеңесбаев, С. М. Мұқанов қатысты; бұл тараулардың авторлары Н. С. Сәбитовтың материалдарын пайдаланды. «Ауылдағы таптық жіктелістің және тап күресінің күшеюі» (XVIII тарау) және «Буржуазиялық қазақ ұлтының құралу процесі» (XXI тарау) деген бөлімшелерді А. Н. Нүсіпбеков жазды; сак тайпаларының орналасуы және сактердің саяси тарихы жөніндегі бөлімшені (II тарау) И. И. Копылов жазды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда қалалардың дамуы жөніндегі материалды Ш. Тастанов іріктеді. Қарталарды баспаға әзірлеу ісіне Ф. И. Колодин қатысты, өрнек-суреттер іріктеуге И. В. Захарова қатысты. Хронологиялық көрсеткішті Б. С. Санджиев жасады, тайпалардың біздің заманымызға дейінгі VII—I ғасырлардағы орналасуы жөніндегі қарталарды И. И. Копылов жасады.

Кітаптың текстіне редакциялық жұмысты редколлегия жүргізді. Кітапты редакциялау жұмысына Г. Ф. Дахшлейгер қатысты.

Бұл кітаптың қазақ тілінде басылуын әзірлеуге қатысқандар:

Г. А. Аққұлов, Т. Б. Балақаев, Х. А. Жабасов, М. О. Жанғалин,  
Х. Р. Рахимов.

«Қазақ ССР тарихының» бірінші томының текстерін талқылауға қатысқан республиканың барлық мекемелері мен ұйымдарына, барлық жолдастарға авторлар өзінің алғысын айтады. Авторлар кітапты даярлау ісіне үлкен көмектерін көрсеткен СССР Ғылым академиясының тарих, шығыс тану, этнография және материалдық мәдениет тарихы институттары коллективінің ғалымдарына айрықша үлкен алғыс айтады.






І БӨЛІМ

**ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДА  
АЛҒАШҚЫ-ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС  
ЖӘНЕ  
ТАПТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ТУУЫ**







## І тарау

# ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДА АЛҒАШҚЫ-ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС

### 1. ЕҢ ЕРТЕ ЗАМАНДАҒЫ АДАМЗАТ ҚОҒАМЫ

Ертедегі тас  
дәуірі (палеолит)

Бұдан 100 мың жылдар бұрын Қазақстанның табиғаты мен климаты кәзіргі заманғыға ұқсамаған. Ол мұз дәуірі аяқталған кез еді, бірақ тау аңғарларында әлі де болса қалың мұздар сіресіп жатты. Климат кәзірге карағанда әлдеқайда дымкыл, өзендердің суы көбірек болған. Бұл күнде құмға барып құритын Шу, Сарысу өзендерінің оң кезде суы тіпті көп болған, олар Сырдарияға құйған; Сарыкамыс ойпаты суға толы болған. Дымкылдың мол болуы кәзіргі заманнан елеулі айырмашылығы бар шұрайлы өсімдіктер өсуіне мүмкіншілік берген. Кейінгі замандарда өліп біткен хайуандардың үлкен табындары ұшы-қиыры жоқ байтақ далада жайылып жүрген. Алтай тауларының етегінде және солтүстіктің қырлық жерлерінде мамонттар, жүндес мүйізтұмсықтар, үнгір аюлары, аса зор бизондар және бұғылар жүрген. Қырлық жерлерде қарақұйрық, бөкен, тау бөктерлерінде таутеке, арқарлар болған.

Қазақстан территориясында адам баласы пайда болатын палеолит заманының (ертедегі тас дәуірінің) табиғи жағдайлары міне осындай болған.

Адам баласы өзінің айналасындағы хайуанат дүниесінен еңбек арқасында бөлініп шықты. Адамның өзін еңбек жаратты. Адамдардың бірлескен еңбегі дыбысты айқын сөздің пайда болуына және дамуына жеткізді, мұның өзі пікір алысуға, өзара түсінісуге мүмкіншілік берді. Алғашқы адамдар табиғатқа өте-мөте тәуелді болды, үнемі кемтарлық көріп жүрді. «Бізден бұрын ешқандай да алтын заман болған жоқ, ал алғашқы қоғамдағы адамдар күн көрудің, табиғатпен күресудің қиыншылығынан мейлінше жаншылуда болған»<sup>1</sup>. Үздіксіз ауыр еңбек үстінде адам өзінің құралдарын жетілдіруде болды, өзі де жетілді.

Алғашқы адамдардың өмірі тіршілік ету жолындағы ауыр күрес жағдайында өтті. Адам баласының тамақ тауып жейтін, жырт-

<sup>1</sup> В. И. Ленин, Шығармалар, 5-том, 105—106-беттер.

қыш аңдардан қорғанатын құралының түрі — дүрекі мүжілген тас, шөкпелер және бір ұшы ұшырамайтын таяқ болды.

Алғашқы адамның аса зор жетістігі оның отты пайдалана білуді үйренгендігі болды. Тек осының бір ғана ғана оны қауыптант дүниесінен жоғары көккі. Адам баласы отты арқасында өзіне қолы жететін тағамдар түрін едәуір көбейтті. Ол адам баласын суықтап, жұртқыш аңдардан сақтады.

Адамзаттың дамуындағы ең ерте заман ертедегі тас дәуір немесе палеолит деп аталады. Бұл заман талай-талай ондаған мыңжылдыктарға созылды. Дүрекі тас және ағаш құралдарымен қаруланған адам баласы өсімдік тамақтарды — жабайы өсімдіктердің жемістерін, жидектерді, санырау-ұлақтарды, желкектерді теріп жеді, сол сияқты аң аулаумен күн көрді.

Адамдар бір тұқымдас туысқандарды бірік ұйымдастырған топтары болып тұрған. Бұлар келешектегі рулық ұйымның бастамасы болды. Мұның өзі сол кездегі адамдарды біріккен-бір жұмыс істедігі бар және қажетті ұйым болды, өйткені олар жеке-жеке өмір сүрсен сөзсіз құрып кетер еді.

Тасты өңдеудің техникалық жаңа тәсілдері ертедегі адамға үлкен қиыншылыққа түсті. Адамдардың өз құралдарын кезуірлім жетілдіруге үйренуі үшін көп мыңжылдықтар қажет болды. Қоғамның баяу дамуының тағы бір себебі: адам баласы уақытының бәрін тамақ тауып жеуге жұмсауға мәжбүр болды, өйткені тамақ запасын жасауды адам ол уақытта білмеді десе болғандай еді.

Мындаран жылдар өте келе, еңбек құралының баяу жетілуімен бірге, адамның пішін-келбеті бірте-бірте өзгере берді, ең ерте заманның адамна тән маймыл кескіні жоғала түсті. Палеолиттің аяқ кезіне қарай адамның кәзіргі пішін-келбеті қалыптасты (homo sapiens).

Алғашқы-қауымдық құрылыс кезінде өндірістік қатынастардың негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына қауымдық меншік болды. Мұның өзі өндіргіш күштердің сипатына сай келді. Бұл, таптарды ғана емес, сонымен бірге ешқандай мүлік теңсіздігін де білмейтін қоғам болды. Онда өнімдер теңгермелі бөліске түсті.

Алғашқы адамдардың бәрі де еңбек етті. Еркектер аң аулады, әйелдер мен балалар жеуге жарайтын өсімдіктерді жинады. Бірте-бірте жынысына және жасына қарай табиғи еңбек бөлінісі пайда болды.

Қазақстан территориясында ең ертедегі адам баласының құралдары Ертістің бас жағында, жағалау алқабында, Қанай ауылының

\* Тас құралдарын жасау техникасы жағынан және адам баласының пішін-келбеті жағынан палеолит заманы үш үлкен кезенте — төменгі (ертелі) кезент, орта кезенте және жоғары кезенте бөлінеді. Қазақстанда төменгі палеолиттің еңбек құралдары әзірге табылған жоқ.

Қазақстан территориясындағы палеолит заманы нашау зерттелген, табылған тек жеке құралдар ғана бар, осылар бойынша адам қоғамы дамуының жалпы желісі түспалданады.

жанында алты метрлік үйінді астына табылды. Бұл құралдар: бір жағы тұрпайы өткірленген салмақты тас кырғыштар; тегінде, пышак орнына қолданғандығы байқалатын сүйір шакпак тастар; әртүрлі шаруашылық керекке жараған бір қыры жұқартылған шакпак тас жанқашықтары. Бұл құралдар шамамен айтқанда бұдан 80—50 мың жылдар бұрын жасалған. Дөрекі тас кырғыштар мен сүйір тас құралдарды жер бетінен жинаған жұмыр шакпак тастардан жасайтын болған. Адамдардың негізгі кәсібі бизон, мамонт және басқа аңдарды аулау болған.

Аң аулауға жақсы жерлерді іздеген адамдардың жеке топтары Қазақстанның территориясына жайыла қоныс теуіп, Тянь-Шань, Алтай тауларының бөктерлерін менгерген. Бұл кезде дала жакта, тегінде, адам болмаған сияқты.

Бұктарма өзенінің сағасына жақын жердегі бір известняк үңгірде табылған тас құралдар палеолит заманының соңғы дәуіріне жатады (бұдан 15 мың жылдай бұрын). Бұлар Қанай ауылы маңынан табылған тас қарулардан мүлде айрықша. Бұл дәуірде Шығыс Қазақстанның адамы шакпак тастан пышак, ұсақ кырғыш, түйреуіш және басқа құралдар жасайтын болған. Тасты өңдеудің техникасы да өзгерген: бұрын тастың іске қажетті қыры дөрекі шакпакпен ұрып өткірленетін болса, енді үлкен кесек шакпак тастан жұқа қалақ тастар, бір қыры өткір жанқашықтар жарып алынатын болған. Бұлардан формасы дұрыс, көлемі және қажеті әртүрлі құралдар істелетін болған.

Бұктарма үңгірінде кейінгі палеолит заманындағы аңшылардың уақытша тұрағы болған. Олар жабайы хайуандарды, көбінесе ол кезде Шығыс Қазақстанда болған бизондар мен жабайы жылқыларды аулайтын болған. Бұл кездің адамдары, өздерінің ертедегі аталарындай, үнемі жабайы аңдардың үйірлерінің сонынан жүріп отырмай, аң етін өздерінің уақытша тұрағына — үңгірге әкелетін болған.



Палеолит заманының құралдары табылған үңгірге жететін жер (Шығыс Қазақстан облысы, Пещера селосы).

Палеолит құралдарының көпшілігі шакпак тастан жасалған. Адам баласы шакпак тасты өте ұзақ уақыт, тіпті кола заманына дейін қолданған. Шакпак тас аз болған жерлерде құралды кварцит, порфирит және басқалары сияқты өзге қатты тастардан да жасайтын болған.

Тас құралдар өте кең қолданылған. Олар ет кесуге, терінің шелін сылуға, сүйекті, ағашты тесуге пайдаланылған. Тас құралдарды зерттеу ол кездердегі құралды жасау әдістерін анықтауға мүмкіншілік берді. Адам құрал жасауға жарайтын шакпак тастың бір кесегін еппен ұру арқылы оның шошақ басын қағып түсіріп, біршама тегістеп алатын болған. Содан кейін, оның осы тегіс жағының бір бүйірінен ұрып отырып, жұқа қалақ тастардың бірінен соң бірі жарылып алынады. Сонынан бұл қалақ тастардан пышақ, кырғыш, түйреуіш сияқты сан алуан түрлі құралдар істеледі. Құралдың іске қажетті қыры қысу-ретушь жолымен өңделетін болған (сүйек не тас қысқышпен қатты қысу арқылы қалақ тастан жұқа қабыршақтар үгілетін болған).


Тастың барлық түрлері ішінен адам баласының шакпак тасты таңдап алу себебі: ол тиісінше қатты тас, ұрса бір қыры өткір жұқа-жұқа қалақ тас болып жарылып түседі, мұның өзі адамның, тәжірибе молая келе, шакпак тас кесегінен үлкендігі мен формасы неше түрлі қалақ тастар жарып алуына мүмкіндік берді. Шакпак тастан құрал жасайтын арнаулы құралдар — салмақты тас соққылар, сүйек төстер — пайда болды. Соққы арқылы тастан ұсақ жарқышақтар түсіріліп, оларға қажетті форма берілетін болды.

Еңбек құралдарының жетілмеген, өте тұрпайы кезінде адамдар ірі хайуандарды тек коллектив болып қана аулай алды. Аңдардың мінезін білу, оған сездірмей жасырынып жақындай білу, аң аулаған кезде күштерді дұрыс бөлу қажет болды. Аңшылар әлетте аңдардың су ішетін жерлеріне торуыл құратын болған, шөп қоректі ірі хайуандарды қаумалап ұстау жолымен аулайтын болған. Аң аулау үшін түрлі амал, айлалар қолданылатын болған, аңды орға, жарға қамап, немесе биік құздарға қамай айдалатын болған.

Бүкіл өндіріс бірлесіп жүргізілді, ал бірлестік еңбек өндіріс құрал-жабдығына, демек өндіріс өнімдеріне де, рулық ортақ меншіктің пайда болуына әкелді. Жеке меншік ол кезде болған жоқ, тек кейбір еңбек құралдарын жеке адамның бойына, күшіне ылайықты меншіктеуі ғана болды.

Палеолиттің аяқ кезінде сүйектен жасалған кейбір ұсақ құралдар пайда болды. Адам ұшы шакпак тастан немесе сүйектен жасалған шанышқымен өзен, көлдерде ірі балық аулайтын болды. Сонымен бірге ол бұрынғыша терімшілікті де қалдырмалы. Адам баласы ендігі жерде үңгірлерден гөрі, шалаштарда, жер үйлерде және басқа осы сияқты тұрпайы үйлерде тұратын болды.

Сол замандағы палеолит жұрттары Қазақстанда алғашқы рет 1950 жылы Ертіс бойында табылды. Ал палеолит заманының кейбір жеке құралдары Қазақстанның басқа да көптеген аудандарын-



Палеолит құралдары.

1-3 — жоғарғы палеолит (1, 3 — нуклеус; 2 — қыры өңделген калақ тастар), 4-9 — орта палеолит (4, 5 — сүйір тастар; 6, 7, 9 — іске қажетті қыры өткірленген калақ тастар; 8 — қырғыш).

да табылды. Павлодар облысының Баянауыл ауданында жұмыр тастаи істелген тесе тәрізді құрал, кырғыш, нуклеус<sup>1</sup>, сонымен қатар шақпақ тастың жарықшақтары табылды. Семейдің төңірегінде тас кырғыш табылды; Ертіс алқабында, құмды ойпаттың түбінен тас кырғыш және қалақ тастың сынығы табылды; Алтын-Қолат деген аялардың оңтүстігін ала бірнеше километр жерде 2 метр тереңдікте қара шақпақ тастың үлкен нуклеусі табылды; Оңтүстік Қазақстанда — тас кырғыш. Шөлақтаудың маңында — тас кырғыштар және басқа құралдар табылды.

Алғашқы адамның табиғатпен күресудегі әлсіздігі, туу және өлу, ая аулаудың кейде сәтті, кейде сәтсіз болатындығы, жыл мезгілдерінің ауысып отыратындығы және басқалар сияқты оқиғаларды ұғынып, түсіне алмаушылық адам баласы мұның бәрін айрықша бір күдіреттің күші деп түсінетін болды. В. И. Лениннің көрсеткеніндей, «жабайы адамдардың жаратылыспен күрестегі әлсіздігі құдайға, жиһи-шайтандарға, кереметке, т. с. нануды...»<sup>2</sup> туғызды.

Палеолиттің аяқ кезінде Қазақстанның табиғи жағдайлары мен климаты өзгерді. Мұздардың кетуі дымқыл климаттың орнына неғұрлым құрғақ климат орнауына себепші болды. Өзендерде су тартыла түсті. Бірсыпыра өзендер ағынсыз көлдердің тізбегіне айналды, олардың кейбіреулері ашып, тұз тұна бастады. Флора мен фауна да өзгерді. Шамамен айтқанда бұдан 15—10 мың жылдар бұрын кәзіргі заманға ұқсас географиялық орта қалыптасты.

Солтүстіктегі Шығыс Сибирь ойпатынан бастап оңтүстіктегі зор Тянь-Шань тауларына дейін, батыстағы Волга сағасынан шығыстағы Алтай тауларына дейін созылып жатқан Қазақстан территориясының ұлан байтақтығы оның табиғи жағдайларының әралуан болуына себепші болды.

Солтүстікте көсіліп жазық дала мен орманды дала жатыр, орталықта — құрғақ дала немесе жартылай шөлдер, оңтүстікте — Тянь-Шаньның солтүстік жоталарының етек жақтарын көмкерген жіңішке қырлық дала жатты.

Қазақстан территориясында ойпатты жазықтар мен қыраттар, адырлар алмасып келіп отырады, оның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында биіктігі 5 мың метрге жететін тау жоталары бар. Таулардың бөктерлері мен сайларында түрлі гүлді өсімдіктер өседі, жоғарырақта жапырақты және қылқан жапырақты орман өсіп, олардың кейбір жерлері тайганаға ұқсайды. Таулардың жоталары мен төбелерінде қар жатады.

Қазақстанның батыс жағының жері көбінесе жазық, жайпақ үстірт болып келеді. Мұнда көп жерді Каспий қойнауының ойпаты алып жатыр, оның солтүстік-шығыс жағынан Орал-Жем жоны шығады, оған әрі қарай Орал-Мұғаджар таулары болып кетеді. Қиыр-оңтүстік батыста шөлді Манғыстау жарты аралы жатыр, онда бір-

<sup>1</sup> Нуклеус — шақпақ тас кесегінің өзегі (орта жері), бұдан құрал жасау үшін қалақшалар сындырылып алынатын болған.

<sup>2</sup> В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 71-бет.

неше тау адырлары бар; оның солтүстік-шығысына қарай Үстірт жоны жатыр.

Қазақстанның солтүстігін Батыс Сибирь ойпатының оңтүстік шеті басып жатыр, оңтүстікке қарай жайпақ қыратты Торғай даласы болып кетеді. Солтүстік Қазақстанның кең жазығы ортасында ерекшеленіп Көкшетау деңгейі тұр.

Қазақстанның орталық жағы ұсақ төбелі жерлер болып келеді, яғни мұнда кең жазықтың әр жерінде шошақ төбелер, қыя кабактар кездеседі де, Бетпақдаланың шөлді кең жонына айналып кетеді.

Қазақстанның шығысында тау аралықтарында кең ойпаңдары бар таулар басталады.

Оңтүстік шекарасын Тянь-Шань тауларының солтүстік сілемдері алып жатыр, одан батысқа қарай — Тұран ойпаты жатыр, бұл өзі оңтүстік-шығыс жағында сары топырақты жазықтыққа (Мырзашөл) айналады, онан әрі қарай Қызылқұм шөлі болып кетеді.

Қазақстан территориясында Арал теңізі, Балқаш сияқты аса ірі көлдер, Ертіс, Сырдария, Орал, Іле деген суы көп үлкен өзендер бар. Қазақстан территориясының оңтүстік-батыс жағын Каспий теңізі алып жатыр.

Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қатты ағысты көптеген тау өзендері бар.

Қырлық аудандарда өзендердің бірте-бірте тартылуы нәтижесінде пайда болған көптеген көлдер бар. Жазғытұры көптеген ойпаңдар мен шұңқырларға қар суының толуынан кішкене көлдер саны көбейе түседі. Жаздың орта кезінде олар кеуіп қалады. Орталық Қазақстанда, бұлармен қатар, көптеген тұйық ойпаңдар бар, оларда жер бетінің суы үлкенді-кішілі көлдер құрайды, олардан жазда құрғап қалатын бірді-екілі өзендер шығып жатады.

Қазақстан жерінің мұхиттардан қашық болуы оның климатының қатаң континенттік болуына — қысы суық, жазы ыстық болуына себепкер болды. Сонымен бірге солтүстік пен оңтүстіктің климаттық жағдайлары арасында үлкен айырмашылық бар: оңтүстіктің қысы қысқа және жылы, жазы ұзақ және ыстық; солтүстік пен Орталық Қазақстанда үнемі дерлік жел соғып тұрады, ал қысы Сибирьдің қысындай суық.

Қырлық өңірдің солтүстігінде «қолқа» деп аталатын қайың және көктерек өскен ойпаңдар жиі кездеседі. Солтүстікке қарай кеткен сайын мұндай жерлер көбейе береді, сөйтіп жазық дала бара-бара орманды-қырлыққа айналады.

Оңтүстікке қарай қырлықтың жайы басқаша. Мұнда қырлықтың тегіс жазығы әр жерде қырат болып кетеді. Қыраттар мен сайлардың еңістерінде емен, жөке және ольха ағаштары өскен ойдық-ойдық жалпақ жапырақты орманды жерлер кездеседі, ал Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл тауларының гранитті сілемдеріне қалың қарағай өскен.

Құрғақ және шөлді қырлық жерлер (Кіші және Үлкен Борсық

күмдары, Каракүм, Кызылкүм) Қазақстан территориясының едәуір бөлігін алып жатыр.

Күрғақ қырлық жерлер бірте-бірте шөл далаға ауысады. Қырлық жерде анда-санда өсімдігі қалың көгалдар, сол сияқты сексеуіл өскен жерлер кездеседі.

Қазақстанның хайуанат дүниесі өте бай және әралуан. Қырлық жерлер мен шөлдерде неше түрлі кеміргіштер: балпақ, саршұнақ, қосаяқ балпақ, тышқан және басқалары болады: жыртқыш аңдардан — қасқыр, түлкі, күзен және тағы басқа сол сияқтылар кездеседі; тұяқтылардан — антилопа мен каракүйрық кездеседі; құстардың да түрі көп — дуадақ, тырна, дала бүркіті, торғайлар, ал көлдер мен өзендердің жағалауында су құсы ұялайды. Алтай тауларында Сибирь тайгасына тән аңдар жүреді, олар: марал, сілеусін, бұлагын, тиын, аю, тағы басқалары. Көл, өзендерде, ұсақ суларда балық көп. Әсіресе Каспий және Арал теңіздері, Балқаш, Зайсан көлдері, өзендерден Сырдария, Іле, Орал және Ертіс өзендері балығымен аты шыққан.

Қазақстанның қойнауы кенге өте-өте бай. Мұнда әсіресе темір рудасының, түсті металлдардың, тас көмірдің, мұнайдың, отқа шыдамды балшық, гипс сияқты құрылыс шикізаттарының және басқаларының запасы ұшан-теңіз.

Мұндай географиялық орта Қазақстан территориясында адам қоғамының дамуына жақсы әсерін тигізді.

Қазақстан территориясында географиялық орта өзгерген кезде палеолит заманы, адам баласы табиғаттың даяр өзімін келгенге заман аяқталды.

Жаңа тас дәуірі (неолит)


Жаңа тас дәуірі (неолит) садақ пен жебені ойлап табудан басталады, мұның өзі қабайы тайуаларды аулау ісін елеуір жеңілдетті «Садақ, оның кермесі мен оғы, — деп жазды Ф. Энгельс. — сол кездің өзінен ең күрделі қару болып алады, бұл қаруды ойлап шығару ұзақ уақыт жиналған тәжірибенің, өтпир ақыл-ой күшінің болғанын көрсетеді, олай болса, жұрттың сонымен қатар толығымен жатқан басқа да өнерлерді білгенін көрсетеді». Садақ пен жебені ойлап табу текен, каракүйрық сияқты қыр аңдарын ойдағыдай аулауға мүмкіндік берді.

Осы кезде отқа күйдірілген ағашпен рет белгілеумен күннің ылдыстар пайда болды, бұл да маңызды өнертабыс болды, мұның өзі адам бойына жақсы сияетін ісірілген асқа өсетуге мүмкіндік берді.

Неолит дәуірінде шаруашылықтың жаңа екі түрі — мал өсіру мен егіншілік — дамыды. Мұның екеуі де ағашпен адам шаруашылығына ең сүлдегі түрлерімен тығыз байланысты болды, өйткені — першілікпен, мал өсіру — ағашпен байланысты болды.

Еңбек құралдарын жетілдіру адам баласыны бірте-бірте даладан өзі жазытына шығуға мүмкіндік берді.





Неолит құралдары.

1 — күрек; 2 — қысқа өңделген қалпақ тас; 3 — 5 — өте кішігірім құрыштар; 6 — 8 — шалқан тастағы істелген жебені ұстауға; 9, 11 — шалқан тастағы істелген құрыштар; 10 — ұзын шалқан тас балта.

Неолит заманының жұрттары Қазақстанның барлық облыстарында табылды. Олардың тіркелгендерінің саны кәзірдің өзінде 200-ден асады. Мұндай жұрттар әсіресе Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Қостанай мен Торғай арасындағы көлдер алқабында, сол сияқты Ертіс, Есіл, Тобыл, Жем, Сарысу өзендерінің жағаларында көп. Неолит жұрттары сол сияқты Орталық Қазақстанда, Қаратаудың етектерінде, Бетпақдалада кездеседі. Ол заманда адам баласы құсы, балығы көп көлдер мен кішкене өзендердің жағалауларындағы құрғақ құм төбелерді мекен етуді тәуір көрген.

Неолиттік жұрттардан формалары әртүрлі көптеген тас құралдар табылады (ағаш және сүйек саптардың ұңғыларына салынатын пышақ тәрізді және сопақша қалақ тастар, қырғыштар, түйреуіштер, қалақша пышақтар, балталар, жебе мен шолақ найзалардың ұштары және басқа сол сияқтылар), кейде сүйектен, мүйізден жасалған бұйымдар, сонымен қатар балшықтан құйған ыдыстардың сынықтары да кездесіп отырады.

Қазақстан территориясындағы неолит заманының тас құралдарының өзіне тән бір айырмашылығы бар — олардың көбінің көлемдері тым шағын. Осы сияқты шақпақ тастан істелген кішкене құралдар Орта Азияның, Монғолияның байтақ территориясында және Шығыс Еуропаның оңтүстігінде таралған.

Шақпақ тастан жұқа қабыршақтар сығып алынатын ескі әдіс неолит заманында дамудың ең жоғары сатысына жетті, бұған тас құралдарды тесу және қырнау арқылы өңдеу қосылды. Көбінесе қарулардың (әсіресе балтаның) іске қажетті қыры тас қайрақтың үстінде құм салынып қырналды. Тастар қуыс сүйек, су және құм арқылы тесілді.

Сүйек пен мүйізден қанжарлар, жебе ұштары, түйреуіштер, біздер, шанышқы, ине және түрлі әшекейлер жасалды.

Неолиттік жұрттарда, тас және сүйек құралдарымен қатар, тамақ пісіру үшін, өнім запастарын сақтау үшін қолданылған балшықтан жасаған ыдыстардың сынықтары жиі кездеседі. Ыдыс қолдан соғылып жасалған, өте тұрпайы. Ыдыстың жарылмауы үшін балшыққа әдетте уатылған ұлу қауызы немесе құм қосылатын болған. Ондай ыдыс тура оттың үстіне қойып күйдірілген. Ыдыстардың сыртына көп реттерде тұрпайы геометриялық өрнек салынатын болған, бұл өрнектер осы мақсат үшін жасалған арнаулы сүйек немесе ағаш штампымен салынған.

Өзен бойын мекендеушілер, тегінде, жартылай отырықшы тұрмыста болған сияқты. Олар түрлі тұзақтар құру арқылы, сол сияқты садақпен су құсын және басқа ұсақ хайуандарды аулаған. Жөбелерінің тас ұштары жұқа, кішкене қалақшалардан жасалып, жеңіл болған. Балықты сүйектен, тастан жасалған қармақпен, аумен аулаған немесе шанышқымен түйреген. Аулардың батырғысы ретінде айқастырып байлаған ірі тастар қолданылған.

Қырлық жерлерде адамдар бөкен, қаракұйрық, құлан аулаған.

Мұндай жерлердегі тұрақтары қысқа мерзімді, хайуандардың жыл мезгіліндегі жүрістеріне байланысты болған (Бетпақдаладағы, Шалқар-теңіз көлі жағасындағы және басқа жұрттар).

Қазақстанның солтүстік өңірінде ол кезде орман осы күнгіден әлдеқайда қалың болған, бұл ормандарды мекендеген адамдар марал, елік, қабан аулаған (Қостанай облысындағы Теріскей қарағай жұрты және басқалар). Қырдың, орманның хайуандарын аулау үшін үлкен жебе ұштары, үлкен шолақ найзалар қолданылатын болған.

Сонымен, неолит заманының басында Қазақстан байтақ территориясын мекендеген халықтың негізгі кәсібі түрлі хайуандар мен құстарды аулау болды, бірақ бұл аңшылық палеолит заманындағыдан әлдеқайда өнімді болған, сонымен бірге олар балық та аулаған.

Негізгі аңшылық құрал ретінде садақ пен жебені пайдалану, жетілген тас құралдарды пайдалану тағам запастарын жинақтауға жағдай жасады, аңшылық тұрмыстан хайуанды қолға үйретуге, яғни алғашқы заманның мал өсірушілігіне көшуге мүмкіншілік жасады.

Неолит қоныстарында еттің запасы ретінде жас хайуандар ұстап, оларды бірте-бірте қолға үйрететін болған. Ең бірінші қолға үйретілген хайуан — ит. Одан бері келе шошқа, қой, өгіз, жылқы үйретілген; ең соңғы үйретілгені — түйе. Сексеуіл станциясы (Қызылорда облысы) жанындағы және Усть-Нарым деревнясы жанындағы (Шығыс Қазақстан облысы) неолит қоныстарының жұрттарында осы хайуандардың сүйектері табылды. Хайуандарды қолға үйреткенде адам баласы өзінің малының аман болуын көздеді және өзіне неғұрлым пайдалы хайуандар түрін іріктеп алды. Мұның өзі алғашқы кездерде үй хайуанының тұқымын жақсартуға себеп болды.

Малды қолға үйрету және оны өсіру ет, май, сүт сияқты тағамдардың үнемі болып тұруына жағдай туғызды, сонымен бірге киім үшін тері және жүн берді.

Бұдан кейініректе алғашқы егіншілік пайда болды. Адам баласы жеуге жарайтын дәндерді тере жүріп, жазғытұры жерге түскен дәннің көктеп шығатынын, күзде пісетінін байқады. Мұнан соң жерді сүйір таякпен, ал соңырақ тас шотпен қопсытып, егін егетін болды. Әрине, бұл егістер әлі-де болса тұрпайы және көлемі шамалы болды. Егіншіліктің бірте-бірте дамуы өсімдік тағамынан запас сақтауды қамтамасыз етті.

Тамақ тауып жеудің неғұрлым тиімді әдістері адам баласына еңбек құралын онан әрі жетілдіре түсуге, үй тұрғызуға, үй мүліктері мен киім-кешегін әшекейлеуге уақыт қалдырды. Балшық ыдысқа, киім-кешекке және басқа түрлі бұйымдарға өрнек салу кең қолданыла бастады.

Неолит заманы адамдарының тұрмысында әйел еңбегі өте үлкен роль атқарды. Аңшы және балықшы еркектердің табысы көп